

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі  
Министерство образования и науки Республики Казахстан

Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы  
Национальная академия образования им. И. Алтынсарина



**ОТАНЫНЫҢ АЗАМАТЫ – ПАТРИОТЫ ҚАСИЕТТЕРІ БАР ТҮЛҒАНЫ  
ҚАЛЫПТАСТЫРУ ЖӘНЕ ДАМУЫ**  
(Қазақ хандығы құрылғанының 550 жылдығына және Ұлы Жеңістің  
70 жылдығына)

Әдістемелік ұсыныстар

**ФОРМИРОВАНИЕ И РАЗВИТИЕ ЛИЧНОСТИ, ОБЛАДАЮЩЕЙ  
КАЧЕСТВАМИ ГРАЖДАНИНА – ПАТРИОТА РОДИНЫ**  
(К 550-летию Казахского ханства и 70-летию Великой Победы)

Методические рекомендации

Астана  
2015

Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы Ғылыми кеңесімен баспаға ұсынылды (2015 жылғы 17 сәуірдегі № 3 хаттама)

Рекомендовано к изданию Ученым советом Национальной академии образования им. И. Алтынсарина (протокол № 3 от 17 апреля 2015 года)

Отанының азаматы – патриоты қасиеттері бар тұлғаны қалыптастыру және дамыту (Қазақ хандығы құрылғанының 550 жылдығына және Ұлы Жеңістің 70 жылдығына). Әдістемелік ұсыныстар. – Астана: Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2015. – 16 б.

Формирование и развитие личности, обладающей качествами гражданина – патриота Родины (к 550-летию казахского ханства и 70-летию великой победы). Методические рекомендации. – Астана: Национальная академия образования им. И. Алтынсарина, 2015. – 16 с.

Әдістемелік ұсыныстарда Қазақ хандығының 550 жылдығын және Ұлы Жеңістің 70 жылдығын тойлауға арналған материалдар негізінде тәрбие процесін қазіргі жағдайда ұйымдастырудың; оқушыларды патриоттыққа тәрбиелеудің мазмұны мен формалары ашылды. Қазақстан азаматы – патриотының қасиеттері бар тұлғаны қалыптастыру және дамыту бойынша әдістемелік ұсыныстар дайындалды.

Әдістемелік ұсыныстар мұғалімдерге, тәрбиешілерге, әдіскерлерге, ғалым-педагогтерге және патриоттық тәрбие мәселелері қызықтыратын барша оқырманға арналған.

В методических рекомендациях раскрыты содержание и формы организации воспитательного процесса в современных условиях; патриотического воспитания школьников на основе материалов, посвященных 550-летию Казахского ханства и 70-летию Великой Победы. Разработаны методические рекомендации по формированию и развитию личности, обладающей качествами гражданина – патриота Родины.

Методические рекомендации предназначены для учителей, воспитателей, методистов, ученых-педагогов и всех интересующихся проблемами патриотического воспитания.

© Ы. Алтынсарин атындағы  
Ұлттық білім академиясы, 2015  
© Национальная академия  
образования им. И. Алтынсарина, 2015

## Кіріспе

Мемлекет қоғамды біріктірудің келешектегі құрылысы мен этномәдени және әлеуметтік-саяси процестерді тиімді басқару мүмкіндігін анық айқындап, 2015 жылды Қазақ хандығының 550 жылдығын тойлау жылы деп анықтады. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев Астана қаласы активімен кездесуде «Керей мен Жәнібек 1465 жылы алғашқы хандықты құрды, қазақтың мемлекеттілігінің тарихы сол кезден бастау алады. Бәлкім ол бүгінгі шекарасындағы, бүкіл әлемге осынша танымал әрі беделді, осы ұғымның қазіргі мағынасындағыдай мемлекет болмаған да шығар. Бірақ бұлай деп сол кезеңдегі басқа да барлық мемлекеттер туралы да айтуға болады», – деді [1].

Бұл факт «Мәңгілік Ел» идеясы, Елбасының Ұлытауда берген сұхбаты, «Қазақ мемлекеттігінің 550 жылдығы» датасын бекіту схемасы бойынша дамыған ұлттық идеологияның көрінісі болып табылады.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев 2014 жылдың 15 желтоқсанында Тәуелсіздік күніне арналған «Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігі – Мәңгілік Елдің Ұлы тарихы» салтанатты жиында сөйлеген сөзінде біз 2015 жылы ТМД елдерімен және бүкіл әлеммен бірге Ұлы Отан соғысында фашизмді женудің 70 жылдығын мерекелейтін боламыз деп атап көрсетті.

«Біз – өзіміздің өткенімізге қай кезеңде де ризашылықпен және кешіріммен қарайтын халықпыз.

Біздің тарихи өткенді қабылдауымыз қашанда біртұтас және оң пайымды болуы тиіс. Ол барлық қазақстандықтарды бөлуі емес, біріктіруі тиіс», – деді Президент [2].

Осы ұлы тарихи оқиғалар білім беру ұйымдарында Отанының патриоты – азаматының қасиеттері бар тұлғаны қалыптастыру мен дамыту жұмысында маңызды рөл атқарады.

«*Патриотизм*» түсінігі *гректің* – «*patris*» сөзінен шыққан, «атамекен» дегенді білдіреді. Философиялық сөздікте «патриотизм» ұғымы «мазмұны Отанына деген махаббат, оған шын берілгендік, оның өткені мен қазіргісі үшін мақтаныш, Отанының мүддесін қорғауға ұмтылыс болып табылатын адамгершілік және саяси принцип, әлеуметтік сезім» ретінде түсіндіріледі [3]. «Патриотизм» түсінігі ғылыми әдебиетте туған елге, тілге, дәстүрлерге, өз халқына, туған өлкесіне деген сүйіспеншілікті сипаттайды. Зерттеушілер атап көрсеткендей, патриотизм өзінің «қорғану» сипатынан жайлап арылуда, басқаның жанында өзінің шығармашылық әлеуетін айқын көрсету үрдісі байқалуда. Отандық әдебиетте (К.Т. Әбілғазиева, А.А. Байсеркеев, А.А. Бейсембаева, Г.Ж. Жұманова, Е.О. Жұматаева, С.Т. Иманбаева, А.К. Нұрғалиева және т.б.) «қазақстандық патриотизм» шоғырландырушы рухани-саяси фактор ретінде, мемлекеттік саясат пен идеологияның жаңа парадигмасы ретінде қарастырылады.

Ғалымдардың пікірінше, Қазақстан халқын құрайтын этностардың тарихи тағдырларының ортақтығы, қазақстандықтардың діліндегі ортақ белгілері, олардың республиканың қалыптасқан экономикалық әлеуетіне қатыстылығы,

табиғи ортаның ортақтығы – қазақстандық патриотизмнің іргетасы болып саналады [4].

Біздің көпұлтты және көпконфессиялы қоғам жетістігінің негізі – барлық қоғамды этникалық айырмашылығынан тыс біріктіретін жаңа қазақстандық патриотизм.

Жаңа қазақстандық патриотизм – Қазақстан Республикасы мен оның жетістіктері үшін мақтаныш, өз еліне пайдалы болу, өзі, өз отбасы, өз Отанының тағдыры үшін жауапкершілік. Білім алушыларда жаңа қазақстандық патриотизмді тәрбиелеу – мектептің тәрбие жүйесінің өзекті міндеті.

«Патриотизм» ұғымымен басқа, «азаматтық» түсінік байланысты.

М.И. Богомолвананың анықтамасы бойынша, азаматтық – бұл қоғам мен мемлекет істеріне белсенді қатысу, саналы түрде өз құқықтарын қолдану мен өз міндеттерін орындау даярлығынан және қабілетінен көрінетін адамның, азаматтың қасиеті мен қабілеті [5].

«Азаматтық» түсінігіне берілген әлеуметтік-рөлдік көзқарас Г.Н. Филоновтың анықтамасында көрсетілген – «бұл адам өзінің негізгі әлеуметтік-рөлдік қызметті орындаудағы қарым-қатынастардан байқалатын – заңға бағынушылық, Отанға адал қызмет етудегі патриоттық жанқиярлық және Отан мүддесін қорғау, еңбек ету аясы, отбасылық-тұрмыстық, ұлтаралық әрі тұлғааралық қатынастармен қатар, қоғамдық және адамгершілік құндылықтарға бағдарлануы шынайы еркін және адал берілгендігінен көрінетін тұлғаның субъективті қасиеттерінің кешені» [6].

Азаматтық және патриоттық тәрбие – бұл оқушы жастарда өз Отанына деген адал сезімін, азаматтық борышын орындау даярлығын қалыптастырудағы мемлекеттік билік органдары мен білім беру ұйымдарының жүйелі және мақсатқа сәйкес қызметі.

Қазақ хандығының 550 жылдығын және Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 70 жылдығын мерекелеу патриоттық негізге сүйенеді. Бұл біртұтас және сәтті мемлекеттің түйінді тұжырымдамалық негізі. Патриотизм – халықтың өз Отанына деген сүйіспеншілігі, ол шын мәнінде біртұтас, табысты және өскелең елге айналуына ықпал етеді. Қазақ хандығы құрылуының 550 жылдығы мен Ұлы Отан соғысында фашизмді жеңудің 70 жылдығы халқымыздың тәуелсіздікке шарықтай ұмтылуының және шынайы патриотизмінің айқын әрі дәлелді көрінісі болды.

Жоғарыда баяндалғандар Қазақ хандығының 550 жылдығы мен Ұлы Жеңістің 70 жылдығына арналған материалдар негізінде өскелең ұрпаққа патриоттық тәрбие берудің өзектілігін көрсетіп отыр.

## 1 Тәрбие процесін заманауи жағдайда ұйымдастырудың мазмұны мен формалары

Заманауи білім беру қоғам дамуының пәрменді факторына айнала отырып, тұлғаны дамыту міндеттерін шешеді. Бұл жағдайларда патриотизмге тәрбиелеу міндеттерін шешу ісін кейінге қалдыруға болмайтындығы анық, себебі патриоттық тәрбие Отанының патриоты – азаматының қасиеттері, позитивті құндылықтары бар, оларды Отан мүддесі үшін мемлекетті нығайтудағы жасампаз процесте көрсетуге қабілетті тұлға қалыптастыру мен дамытуға бағытталған.

ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаев «Нұр Отан» партиясының XVI съезінде сөйлеген сөзінде біздің ортақ рухани күшіміз бен жоғары мақсатымыз: Мәңгілік Ел! Ол біздің ХХІ ғасырдағы дамуымызды прогресс қуатымен толтыратын болады деп атап көрсетті [7].

Болашақ азаматтың барлық негіздері мектеп қабырғасында қаланады. Сондықтан Отанының патриоты – азаматының қасиеттері бар тұлға қалыптастыру және дамыту бүгінгі таңда педагог үшін өзекті міндет болып табылады. Мектептің тәрбие жүйесінде азаматтық-патриоттық тәрбие жетекші рөл атқарады: азаматтық, патриотизм, толеранттық, еңбек сүйгіштік, адамгершілікті қалыптастыру, әлеуметтік маңызды құндылықтарды, адамның бостандығы мен еркіндігін құрметтеуді, Отанына, отбасына, қоршаған табиғатқа деген махаббатын қалыптастыру; танымдық қызығушылықтарын және сұранысын дамыту. Қазіргі күні біртұтас білім беру жүйесінде тұлғаны өмірге даярламай, керісінше өмірге қатыстыруға (яғни тұлғаны әлеуметтендіру) тәрбиелеу ісінде түбегейлі жаңаша көзқарас болып табылады.

Қазақстанның мемлекеттік егемендігінің қалыптасуы мен дамуы мемлекетқұрушы этнос – қазақ халқының тарихындағы көптеген проблемаларды өзекті етті.

Қазақ хандығы құрылғанының 550 жылдығы мен Ұлы Жеңістің 70-жылдығын тойлауға байланысты қазақ жеріндегі мемлекеттің даму тарихымен, оның түп тамыры мен даму қарқынын анықтаумен байланысты сұрақтар жұртшылықты қатты қызықтырып отыр.

Қазақ этносының ортағасырлық мемлекеті – Қазақ хандығы өмір сүрген дәуір – Қазақстан территориясындағы мемлекеттіліктің даму эволюциясының маңызды кезеңдерінің бірі болып саналады. Осыған байланысты оның өзара заңды келісілген басты элементтері: мақсаттары, міндеттері және мазмұны, принциптері, әдістері мен құралдары, бағыттары, қол жеткізген нәтижелерден тұратын тәрбие процесінің құрылымында Отанының патриоты – азаматының қасиеттері бар тұлға қалыптастыру мен дамыту бойынша мазмұнды іс-шаралар әзірлеу және өткізу қажет.

Осы заманғы тәрбиенің негізгі *мақсаты* адамда әлеуметтік-құндылықты қасиеттер, көзқарастар, пікірлердің біртұтас кешенін қалыптастыру үшін материалдық, рухани және ұйымдастыру шарттарын жасау екені баршаға мәлім.

Таңдап алынған мақсаттардан тәрбиенің негізгі *міндеттері* туындайды.

Бұл міндеттер тәрбие мақсаттарын нақтылай түседі және бір жағынан, тәрбие мақсаттары жүйесінің жалпы құрылымындағы жеке жүйеастылар, басқа жағынан, стратегиялық мақсаттарға қол жеткізудегі кейбір аралық мақсаттар ретінде қарастырылады. Қызметтік-уақыттық табиғаттың екі ұдайылығы тәрбиенің келесі мақсаттарын ең негізгілері ретінде анықтауға болады.

Біріншіден, өмірдің мәнін, әлемдегі өз орнын, өзінің бірегейлігін және құндылықтарын түсіну мәселелерінде тұлғаның философиялық бағдарын және дүниетанымдық көзқарасын қалыптастыру.

Екіншіден, оқыту процесінде және алдағы практикалық қызметінде адамға өз міндеттерін орындауы үшін шығармашылық қарым-қатынасты, жауапкершілік пен белсенділікті дарыту.

Үшіншіден, білім алушылардың жалпыадамзаттық және ұлттық мәдениеті байлығының қалыптасуын және бойында осы құндылықтарға деген қатынасын көрсететін жалпыадамзаттық құндылықтарды меңгеруін қамтамасыз ету.

Төртіншіден, гуманистік моральдың жалпыадамзаттық нормалары (соның ішінде жақсылық, мейірімділік, жанашырлық, өзара түсіністік, толеранттық және т.б.) мәні мен маңызын ашу және маңызды тұлғалық өлшем ретінде зияткерлікке баулу.

Тәрбиенің тиімділігі мен оның қол жеткізілген нәтижелерінің сипаты көп жағдайда педагогтердің тәрбиенің негізгі **заңдары мен заңдылықтарын** білуіне және түсінуіне байланысты.

Отанының патриоты – азаматының қасиеттері бар тұлғаны қалыптастыру және дамыту келесі заңдылықтарға негізделуі тиіс:

1. Тәрбие жұмысы мақсаттары мен міндеттерінің қоғамдағы дүниетанымдық, адамгершілік-эстетикалық бағдарлар, мұраттар және ұстанымдармен объективті қажеттіктерде келісілуі.

2. Тұлға дамуына бағдарлану. Тұлғаның жалпымәдени, әлеуметтік-адамгершілікті және кәсіби дамуы неғұрлым үйлесімді болса, адам өз мәдени-гуманистік қызметін іске асыруда соғұрлым еркін және шығармашыл.

3. Тұлғаның жалпыадамзаттық мәдениетпен үйлесімде дамуы тәрбиенің құндылықты негіздеріне байланысты. Тәрбие жалпыадамзаттық құндылықтарға негізделуі, сондай-ақ этникалық мәдениетті ескере отырып құрылуы тиіс.

4. Тұлғаның тәрбиесі тәрбиелік сұхбаттар, ғибратты әңгіме және ақыл айту кезінде емес, оны іс-әрекетке қатыстыру процесінен бастап қана жүреді. Сонымен бірге мұндай әңгімелер мен ақыл-кеңесті педагогтың тәрбиелік ықпал ету құралдары қатарынан шығарып тастауға болмайды.

5. Білім алушы тәрбие субъектісі болған кезде тұлғаның даму процесі оңтайлы сипат алады. Бұл кезде мұғалімдер де, және оқушылар да әрбір адамға дербес тұлға ретінде қарауды болжайтын оқу-тәрбие процесіне тұлғалық қатынас туралы сөз болады.

6. Тәрбие процесінде білім алушы тұлғасына, оның іс-әрекеті мен мінез-құлқының сипатына, оған қойылатын жоғары талаппен үйлесімде адамгершілік және құрмет таныту қажет.

7. Тұлғаның өзін-өзі дамытуының табыстылығы көп жағдайда тәрбие процесін дербестендіру деңгейіне және оның шығармашылық бағыттылығына

байланысты.

8. Тәрбие нәтижелерінің тек тәрбие қызметіне ғана емес, сол сияқты оқытушы тұлғасына, шынайы жағдайларға, өскелең ұрпақпен нақты процестер және жағдайларда өзара әрекеттесу сипатына тәуелділігі. Тәрбие мен оқытудың үйлесуіне зор мән беру керек.

Негізінде қарым-қатынас формалары бар тәрбиенің үш формасы жұмыс істейді. Патриот – азамат тұлғасын қалыптастыру мен дамытуда тәрбиенің барлық үш формасы қолданылады. Бірінші топқа шығармашылық оқыту қарым-қатынас формалары – барлық түрдегі шығармашылық сабақтар, оқыту сипатындағы жеке және ұжымдық тапсырмалар жатады. Екінші топқа шығармашылық ынтымақтастық қарым-қатынас формалары – ұжымдық шығармашылық істер, өмірлік практикалық сипаттағы жеке және ұжымдық тапсырмалар, шығармашылық мерекелер және т.б. жатады. Үшінші топқа осы қарым-қатынастардың синтетикалық формалары – күнделікті шығармашылық қатынаста болу, әртүрлі шығармашылық кездесулер жатады.

Қазіргі кезде көптеген педагогтер тәрбие жұмысының барлық формаларын – шаралар, істер, ойындар деп 3 топқа бөлуге болады деп санайтын Е.В. Титованың классификациясына сілтеме жасайды. Олар келесі белгілер: мақсатқа бағыталуы, тәрбие процесіне қатысушылардың көзқарастары, объективті тәрбиелік мүмкіндіктер бойынша ерекшеленеді.

Н.Е. Щуркова қызық көзқарас білдірген, оның пікірінше, кез келген тәрбие ісі адамды құндылықты қатынастың әлдеқайда биік деңгейіне көтеруі қажет, қатысушыларынан ұзақ уақыт жұмсауды және күш салуын талап етпейді, тәрбие тиімділігі рухани-адамгершілік құндылықтарды еселеу және өзектендіру есебінен барынша арта түседі.

## **2 Қазақ хандығы құрылғанының 550 жылдығына және Ұлы Жеңістің 70 жылдығына арналған материалдар негізінде оқушыларды патриоттыққа тәрбиелеу**

Қазақ мемлекетіне 550 жыл десе де, қазақ мемлекеттігінің тарихы тереңде жатыр. Мұның негізін сақтар, үйсіндер, қаңлылар мемлекетігі, кейінірек – Түрік қағанатының құрамына кірген тайпалар құрады [8].

Керей мен Жәнібек ең алғашқы болып қазақ мемлекеттігінің негізін қалады, ол туралы көптеген мұрағат деректері, отандық және шетелдік жылнама жазбалары дәлелдейді. XV ғасырдың екінші жартысында Шыңғыс хан ұрпақтары – Керей және Жәнібек көшпелі өзбектер мемлекетін басқарған Әбілхайыр ханнан бөлініп, халықтың бір бөлігімен Моғолстанға көшіп кетті. Олар Шу өзені бойындағы Қозыбасы өңірінде (Орталық Қазақстанның оңтүстігі) қоныстанды, бұл оқиға қазақтар мемлекеттігінің басы болды.

Сол уақытта «қазақ» ұғымы пайда болды, ол Керей мен Жәнібектің жаңа иелігінің атауын білдірді, ал кейінірек этникалық мағынаға ие болды.

Әбілқайыр хан қайтыс болғаннан соң, 1468 жылдың соңында оның ұрпақтары Керей мен Жәнібек билік құрып отырған жер үшін күресті бастады. Осы күрес нәтижесінде Батыс Жетісу, қазіргі Орталық Қазақстан, Сырдарияның орта ағысының аумағы Керей мен Жәнібектің қолында болды. Құрылған бұл мемлекет Қазақ хандығы деп аталды.

Қазақ халқы көптеген ғасырлар бойы Алтын Орданың құрамында болды. Біздің ата-бабаларымыздың жеріне, біздің тарихымызға алтынордалық хандардың тікелей қатысы бар. Орталық саяси биліктің түйіні алтынордалық, кейіннен қасиетті Ұлытаудың төріндегі қазақ хандығының ордасы болды. Қазіргі Түркістан қаласы қазақ жерінің көне астанасы ғана емес, сонымен қатар түркі халықтарының мәдени, саяси және идеологиялық орталығы болды.

Қазақ хандығы дамуының әрбір кезеңінде өзіне тән тағдыршешті сәттері болды. Бірақ, негізінен ұлттың тағдыры жер үшін күресте шешілді, өйткені жауласушы екі жақ үшін ең басты мәселе – жер, еркіндік және тәуелсіздік мәселесі болды. Ежелден қазақ халқы еркіндікті сүйетін халық ретінде белгілі. Біздің мемлекетіміздің тарихында саяси сахнаға Хақназар, Тәуке хан, Әбілқайыр хан, Абылай хан, Кенесары хан сияқты танымал тұлғалар шықты. Және олардың әрқайсысы өздері билік құрған тарихи кезеңдерде мемлекеттіліктің дамуына өз үлестерін қосты [9].

Қазақ хандығындағы басқару жүйесі бірегей болды. Елді ақ кигізге отырғызып сайлаған хан халықтың атынан басқарды. Билер мен батырлар, сондай-ақ тарих шежірешілері – жыраулар мен жыршылар институттары үлкен рөл атқарды. Қоғамда әлеуметтік қатынастарды ақсақалдар реттеп отырды. Қазақ даласындағы «Қасым ханның қасқа жолы», «Есім ханның ескі жолы», Тәуке ханның «Жеті жарғысы» сияқты заңдар жинағы қазақ мемлекеттігінің құқықтық негіздерінің дамығандығын дәлелдейді [8].

Фашизммен болған соғыс орны толмас шығын мен күйзеліс алып келді. КСРО-ның 27 млн-ға жуық азаматы, олардың 10 млн-нан астамы – майдан даласында қаза тапты. Қызыл Армияның 18 млн. жуық солдатты мен



командирлері жауынгерлік міндеттерін орындауда ауыр жараланды. Кеңес халқының 6 млн-ға жуығы фашистердің тұтқынында болды, олардың 4 млн-дайы қайтыс болды. Жау тылында 4 млн-ға жуық партизандар және астыртын жұмыс жасаған адамдар қаза болды. Миллиондаған жетімдер мен жесірлер және мүгедектер – соғыстың салдары міне, осындай болды.

Ұлы Отан соғысы жылдарында 1710 қала және 70 мыңға жуық селолар мен деревнялар толық қирады. 25 млн-дай адам баспаналарынан айырылып, жеркепелерді, сарайлар мен жертөлелерді паналады.

Ұлы Отан соғысындағы Жеңіс барлық адамды және барша адамзатты фашистік құлдық қаупінен құтқарды. Кеңес-герман майданында неміс фашистерінің 507 дивизиясы және Германия одақтастарының 100 дивизиясы талқандалды, бұл Екінші дүниежүзілік соғыс кезіндегі өзге майдандардағы шығынмен салыстырғанда 3,5 есе артық.

Фашизммен соғыстағы жеңіске Кеңес Одағы халқының қанымен, теңдессіз ерлігімен, ауыр еңбегімен және орны толмас шығынымен, олардың сарқылмайтын жігерімен және жауды жеңеміз деген сенімімен қол жеткізілді. Барша халықтың опасыз агрессор ойының күйрейтініне деген сенімі Кеңес Одағының тарихтағы халықтар үшін ең зұлмат және қантөгісті болған соғыста жеңісті қамтамасыз етудегі шешуші күш болды [10].

Қазақстандықтардың КСРО-ның құрамындағы басқа халықтармен қатар жауға қарсы тізе қосып соғысқандарын мақтаныш етеміз.

Ұлы Отан соғысындағы ерлігі үшін 110 қазақстандық Даңқ орденінің толық иегері болды, ал 499 қазақстандық «Кеңес Одағының Батыры» атағын алды. Штурмовик-ұшқыштар Т.Я. Бигелдинов, Л.И. Беда, И.Ф. Павлов және истребитель-ұшқыш С.Д. Луганский бұл атаққа екі мәрте ие болды. Қазақтың үш қызы: Кеңес Одағының Батырлары мерген Әлия Молдағұлова, пулеметші Мәншүк Мәметова және Халық Қаһарманы ұшқыш – Хиуаз Доспанова – біздің ерекше мақтанышымыз.

Майдан даласындағы барлық ұрыстарда қазақстандықтар ерлік пен батырлықтың үлгісін көрсетті. Москва үшін шайқаста Алматыда құрылған 8-гвардиялық панфиловшылар дивизиясы ерлігімен ерекшеленді. Панфиловшы 28 батырдың ерлігі барлығына мәлім: 1941 жылғы 16 қарашада Москва түбіндегі Дубосеково разъезінде жаудың толассыз шабуылына тойтарыс беріп, фашистердің қалаға басып кіруіне жол бермеді. 1941 жылғы қыркүйектің ауыр күндерінде ақын Жамбыл Жабаев «Ленинградтық өрендерім» өлеңімен қала халқына күш-жігер берді. Орыс тіліне аударылған Жамбыл өлеңі жазылған үндеухаттар үй қабырғаларына жапсырылды, радиодан берілді, адамдар оны бейне бір дұғадай қайталай берді. Мындаған қазақстандық Сталинград үшін болған ұрыста, Украина, Белоруссия, Балтық жағалауын, Молдавияны азат етуде өз өмірлерін қиды. Олар Польша, Венгрия, Чехословакия, Венаны азат етуде ерлікпен және қаһармандықпен ерекшеленді. Лейтенант Рахымжан Қошқарбаев Берлин үшін болған ұрыста рейхстагқа Жеңіс туын тіккен алғашқылардың бірі болды.

Соғыс жылдары қазақстандықтар тек майданда ғана емес, сонымен қатар тылда да ерлік жасады. Тылдағылар майдан үшін қару-жарақ, оқ-дәрі, азық-

түлік, киім-кешек және т.б. көп заттармен қамтамасыз ету үшін еңбек етті. Соғыс кезінде атылған он оқтың тоғызы Қазақстанда өндірілген қорғасыннан жасалды. Соғыстағы барлық техникаға қазақстандық металдың қатысы болды.

«Правда» газеті соғыс жылдары қазақстандықтар туралы: «Қазақтар майданда жақсы соғысуда, тылда олардың әкелері, аналары, әйелдері жақсы еңбек етуде. Қазақстан өз жерінің байлығымен, тауларының қазынасымен қуатты қолдап отыр», – деп жазды [11].

Жеңістің басты сабағы – жаңа дүниежүзілік соғысқа жол бермеуді түсіну, себебі ол барша адамзатты жер бетінен жойып жібереді. Бұл арада жалғыз жол – бейбітшілікті бірге нығайту ісінде конфронтациядан өзара түсіністікке өту.

Өскелең ұрпақты өз Отанына сүйіспеншілік және адалдық рухында тәрбиелеу туралы құнды ойлар қазақтардың ұлттық педагогикасында берілген. «Отан – елдің анасы, ел – ердің анасы», «Туған жер – алтын бесік», «Отансыз адам – ормансыз бұлбұл», «Туған жердің ауасы да – дауа», «Жер тарихы – ел тарихы», «У ішсең – руыңмен», «Отан үшін отқа түс, күймейсің» дейді халық даналығы.

Ұлттық педагогиканың ғасырлар бойы жиналған салт-дәстүрі мен әдет-ғұрпында зор әлеует бар. Патриоттық тәрбие беруде Керей, Жәнібек, Әбілхайыр, Абылай, Кенесары сынды қазақ хандарының және Қобыланды, Алпамыс, Ер Тарғын, Қабанбай, Бөгенбай, Райымбек және т.б. батырлардың рөлі жоғары.

Әрбір жалпы білім беру пәнінің патриоттық әлеуеті зор. Тарих, әдебиет сабақтарында балаларға түрлі эссе, шығарма жазуды, немесе «Қазақ хандары мен батырлары», «Менің өлкемнің ерлері», «Біздің жерлестеріміз Ұлы Отан соғысында» және тағы басқа тақырыптарға түрлі пікірталастар жүргізуді тапсырады.

Өлкетану жұмысы – оқушыларға патриоттық тәрбие беретін маңызды көздердің бірі. Оқушылар материалды жинау мен өңдеуге атсалысу олар үшін Қазақ хандығы мен Ұлы Жеңіс тарихының өткінші емес маңыздылығын зерттеу тәжірибесіне қол жеткізетін күнделікті жұмыс болады.

Кеңес халқының 1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысында көрсеткен ерлігін паш ету тәрбие мазмұнының маңызды элементі болып табылады. Әлеуметтік жобалардың рөлін бағаламауға болмайды, бұл уақытта оқушылар өз тәжірибесінде Қазақ хандығы мен Ұлы Жеңістің баяндылығының маңызын түсінеді.

### **3 Қазақстан Республикасының патриоты – азаматының қасиеттері бар тұлғаны қалыптастыру және дамыту бойынша әдістемелік ұсыныстар**

Патриоттық тәрбие оқу процесін толық қамтыған кезде тиімді болады әрі білім беру міндеттері ойластырылған жоспар бойынша және жүйелі түрде жүзеге асырылады.

Өз Отанының азаматы – патриотының қасиеттері бар тұлғаны тек оқу процесінде ғана емес, алдын ала дайындалған тәрбие шаралары арқылы қалыптастыру және дамыту қажет.

Қатысушылардың санына қарай тәрбие шаралары топтық (тәрбиеші – балалар тобы), бұқаралық (тәрбиеші – бірнеше топ) болып бөлінеді.

Мұғалім азаматты тәрбиелеу ісінде балалардың жас ерекшеліктеріне, олардың арасында қалыптасқан өзара қарым-қатынасқа сәйкес, олардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып оқушылармен жүргізілетін жұмыстың түрлі формаларын пайдалана алады.

Дербес формалар сабақтан тыс іс-әрекетпен, оқытушылардың және оқушылардың байланысуымен байланысты. Олар топтық және ұжымдық формаларда іс-әрекет етеді және барлық басқа формалардың табыстылығын анықтайды. Оларға әңгіме, кеңес, пікір алмасу, тапсырманы бірге орындау, белгілі бір жұмыста жеке көмек көрсету, мәселенің шешімін бірге іздеу және т.б. жатады.

Жұмыстың топтық түрлеріне кеңестер, шығармашылық топтар, өзін-өзі басқару органдары, үйірмелер жатады. Жұмыстың бұл түрлерінде мұғалім өзін қатардағы қатысушы немесе ұйымдастырушы ретінде көрсетеді. Оның басты мақсаты – ұжым мүшелерінің барлығы үшін, бүкіл адамдар үшін маңызды, сезінерліктей оң нәтиже алуы үшін жағдай жасау. Оқытушының оқушылармен жұмысының ұжымдық формаларына байқау, спектакль, концерт, ҰОС ардагерлерімен, Ауған соғысы жауынгерлерімен кездесулер, тақырыптық әңгімелер (Қазақ хандығының 550 жылдығы және Ұлы Жеңістің 70 жылдығы), сынып сағаттары, туристік-өлкетану қызметі, жорықтар, үгіт бригадасының өнері, спорттық жарыстар және т.б. жатады.

Ересектер мен балалардың ұжымдық шығармашылық қызмет сипаты болғанда ғана тәрбие шаралары маңызды және олар 3 кезеңде жүзеге асады:

I кезең – ұжымдық дайындық (жұмыс іздестіру, жоспарлау және дайындықтан тұрады);

II кезең – жұмысты орындау;

III кезең – жұмысты талдау.

Тәрбие іс-шараларының түрін таңдау көптеген факторларға байланысты. Дегенмен бұл таңдаудың негізінде тәрбие мақсаттары; оқушылардың жас ерекшеліктері; олардың тәрбиелік деңгейі және жеке әлеуметтік тәжірибесі; балалар ұжымының ерекшеліктері және оның дәстүрлері; әлеуметтік жағдайларды ескеру; мұғалімнің кәсіби деңгейімен анықталатын педагогикалық мақсаттылық болуы қажет. Тәрбие процесін ұйымдастыру формаларын таңдауда балалардың өзекті қажеттіліктері мен қызығушылықтарына сүйену керек.

Сабақтан тыс кезде патриоттық тәрбиеге бағытталған іс-шаралар өткізу қажет. Мұны түрлі тақырыптағы сынып сағаттары уақытында жүзеге асыруға болады (1-кесте).

1-кесте – «Менің Отаным – менің Қазақстаным» сынып сағаттарының тақырыптық жоспары

№	Атауы	Іс-шараның мақсаты	Формалары мен әдістері
1	«Отан отбасынан басталады»	- Отан туралы түсінік қалыптастыру; - патриотизм, патриот туралы түсінік қалыптастыру.	Саяхат: «Менің кіші Отаным». Әңгіме, сұхбат.
2	«Менің туған қалам»	- өз қаласына деген сүйіспеншілік мысалында патриоттық сезімді дамытуға ықпал ету; - туған қалаңның құрылу тарихымен таныстыру; - балалардың туған қаласы туралы білімін кеңейту.	Әңгіме-сабақ, пікірталас.
3	«Ар мен сүйіспеншілік ерлігі»	- азаматтықты, патриотизмді және сүйіспеншілікті тәрбиелеуге ықпал етуде білімді кеңейту, терендету арқылы коммуникативті, мәденитанулық құзыреттілікті дамыту үшін жағдай жасау.	Пікірталас - сабақ.
4	«Туған өлкем»	- кіші Отан тарихы туралы білім қалыптастыру; - Отанына деген сүйіспеншілік негізі ретінде тұлғалық мәдениетті дамыту; - өлкетануға қызығушылығын дамытуға ықпал ету.	Әңгіме-сабақ.
5	«Керей және Жәнібек – қазақ хандығының негізін қалаушылар»	- оқушыларда патриоттық сезімін, өз Отанына, оның тарихи тамырына және ұлттық дәстүрлеріне деген сүйіспеншілігін дамыту; - оқушыларда қазақтың ұлттық батырлары туралы түсінік қалыптастыру.	Әңгіме-сабақ, пікірталас.
6	«Ұлы Отан соғысы – халқымыздың қайғысы мен ерлігі»	- Ұлы Отан соғысы бойынша өтілген материалды қайталау, жүйелеу және жалпылау; - оқыған теориялық материалды практикада қолдану (құжаттармен, картамен жұмыс); - Ұлы Отан соғысы кезіндегі Кеңес халқының ерлігі мен батылдығы мысалында оқушыларда патриоттық сезім тәрбиелеу.	Әңгіме-сабақ, пікірталас.
7	«Ел үмітін ер ақтар, Ер атағын ел сақтар»	- оқушыларды Ұлы Отан соғысы ардагерлерімен таныстыру; - оқушыларда өз кіші Отанының тарихына қызығушылығын дамытуға ықпал ету; - оқушылардың патриоттық тәрбиесіне ықпал ету.	Көшпелі сабақ. Әңгіме-сабақ, пікірталас.

2014-2015 оқу жылы Астана қаласы мектептерінде сынып сағаттары балалардың өз елінің тарихына танымдық қызығушылықтарын арттыру, олардың жалпы ой-өрісін дамыту, оқушылардың толеранттығы мен мәдени-тарихи құндылықтарды зерделеу қызығушылығын тәрбиелеу, шығармашылық белсенділігін дамыту мақсатында өткізілетінін атап көрсеткен. Мысалы:

5-сыныптар параллелінде «Қазақ хандығының билеушілері» тақырыбындағы сынып сағаттары ауызша журнал формасында, тарихи әдеби-музыкалық композиция түрінде өтті. 6-сыныптарда сынып жетекшілері «Қазақ хандығының жылнамасы» шығармалар байқауын өткізді. Сынып жетекшілерінің ұйымдастыруымен 7-8 сыныптарда «Қазақ хандығының қалыптасу кезеңдері» интеллектуалдық ойынын ұйымдастыру, ал 9-11 сыныптарда «Қазақ хандығы билеушілерінің рөлі» тақырыбында дебат, «Қазақ хандығы тарихының білімпаздары» интеллектуалдық шоу ұйымдастырды, «Жәнібек пен Керейдің Әбілқайыр хандығынан Моғолстанға көшіп кетуі» театрландырылған сынып сағаты, Қазақ хандығының қалыптасуы мен дамуына және нығаюына зор үлес қосқан қазақ хандары туралы таныстыру өткізілді.

Бұл жақсы дәстүрді ҚР білім беру ұйымдарында кеңінен тарату қажет. ҰОС Жеңістің 70 жылдығына «Өз тарихыңды біл» және т.б. іс-шаралар циклын өткізу тиімді.

«Ұлы Жеңіске жетердегі ауыр күндер» кітап көрмесі; «Олар өз Отанын қорғады» стенділерін ресімдеу; кітапхана сағатында «Батырлар ортамыздан кетсе де, жеңіс жас болып қала береді» бейнеролигін көрсету және т.б.

Егемен және тәуелсіз Қазақстанның реалиі ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтар негізінде тәрбиеленген Отанының азаматы –патриотының қасиеттері бар тұлғаны қалыптастыру және дамыту мүмкіндіктерін білдіреді. Білім берудің жаңа парадигмасының басты бағыты тек қана жастарды нарық сұранысына бейімдеуді ғана емес, жаңа рухани құндылықтарды, нормаларды, жаңа қажеттіліктерді саналы түрде қалыптастырудан тұрады. Тұлға, оның құндылықтық мен дүниетанымдық іргетастары – міне, білім берудегі басты мақсат осылар.

## Қорытынды

Азамат – патриоттың қасиеті бар тұлға тәрбиесі әлеуметтік-рухани, адамгершілік және мәдени феномен ретінде Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің бар тереңдігін және көпқырлылығын қамтамасыз етуі тиіс. Жеңісті оқиғаларды тойлау формасына айналдыруға болмайды.

Қазақ хандығы мен Ұлы Жеңістің рухани мұрасы мазмұнында патриотизм феномені осы заманғы болып қала береді және бізді болашаққа бастайды. Ол қоғамның әлеуметтік жадында, аға ұрпақтың ісінде, бұқаралық болжалда және біздің замандастарымыздың үмітінде бар. Сондықтан қазақ мемлекеттігі мен Ұлы Отан соғысына арналған тақырыптық және басқа тәрбиелік іс-шараларды дайындауда және өткізуде жеке тұлға, әлеуметтік топтар, қоғам және мемлекет алдында тұрған нақты проблемаларды ескере отырып, оларды қазіргі таңдағы өзекті оқиғалармен байланыстыру қажеттігін ескеру қажет.

Қазақ хандығы мен Ұлы Жеңістің рухани мұрасы, ұлттық өзіндік сана, ұлттық мақтанышты қалыптастыруда қуатты құрал бола тұрып, нәтижесінде әрі тәуелсіздікті нығайтудың әмбебап, рухани негізі болады. Онда қазіргі заманғы қазақстандықтың берік құндылықтарын құрайтын мораль да, құқық та, дәстүр де, өнер де, тарих тағылымдары да жинақталған.

Жұмыста тәрбие процесін қазіргі жағдайда ұйымдастырудың; Қазақ хандығының 550 жылдығын және Ұлы Жеңістің 70 жылдығын тойлауға арналған материалдар негізінде оқушыларды патриоттыққа тәрбиелеудің мазмұны мен формаларын ашуға талпыныс жасалды.

Қазақстан азаматы – патриотының қасиеттері бар тұлғаны қалыптастыру және дамыту бойынша әдістемелік ұсыныстар дайындалды.

Әдістемелік ұсыныстарды білім беру ұйымдарының практикасына енгізу білім алушыларда патриоттық сана, өз Отанына адалдық сезімі қалыптасуына, Отан қорғауда өзінің азаматтық борышы мен конституциялық міндеттерін орындауға даяр болуына ықпал етуі тиіс.

Қазақстанның осы заманғы тарихы толыққанды азаматтық қоғам және демократиялық құқықтық мемлекет белсенді азаматтық ұстаным қалыптасуының тиісті шарты болып табылатынын көрсетеді.

## Әдебиет

1 Выступление Президента Республики Казахстан Н.А. Назарбаева на встрече с активом города Астана «Всем нам следует ценить нашу независимость». – Астана, 22 октября 2014 год.

2 Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Тәуелсіздік күніне арналған салтанатты жиындағы сөзі «Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігі – Мәңгілік Елдің Ұлы тарихы». – Астана, 15 желтоқсан 2014 жыл.

3 Философский словарь / Под ред. И.Т. Фролова. 5 изд. -М.: Политиздат, 1987. - 680 с.

4 Бижанов А., Касенов У. и др. О характере казахстанского патриотизма // Панорама. 1996. № 33. - С. 28-34.

5 Богомолова М.И. Современные подходы к гражданскому воспитанию детей // Культурологический подход к образовательному процессу в школе и вузе: опыт, проблемы, перспективы. Сб. матер. Междунар. науч.- практ. конф. Ульяновск: УлГПУ, 2006. - 316 с.

6 Филонов Г.Н. Феномен гражданственности в структуре личностного развития // Педагогика. 2002. №10. - С. 24-29.

7 Қазақстан Республикасының Президенті, «Нұр Отан» партиясының Төрағасы Н.Ә. Назарбаевтың партияның XVI съезінде сөйлеген сөзі «Баршаға бірдей осы заманғы мемлекет: бес институттық реформа». – Астана, 11 наурыз 2015 ж.

8 Когда появился термин «казак»? // Вечерняя Астана. – 13 Марта 2015 г.

9 Абсеметов М. Казахская государственность: годы борьбы, испытаний и побед // Вечерняя Астана. – 18 декабря 2014 г.

10 Всемирно-историческое значение победы СССР в Великой Отечественной войне <http://rvio-nuriman.jimdo.com/70-летие-победы-в-великой-отечественной-войне/>

11 Фазылова Г. Казахстан во время Великой Отечественной войны // [www.gumilev-center.ru/kazakhstan-vo-vremya-velikojj-otечestvennoj-vojny/](http://www.gumilev-center.ru/kazakhstan-vo-vremya-velikojj-otечestvennoj-vojny/)

## Мазмұны

Кіріспе .....	3
1 Тәрбие процесін заманауи жағдайда ұйымдастырудың мазмұны мен формалары .....	5
2 Қазақ хандығы құрылғанының 550 жылдығына және Ұлы Жеңістің 70 жылдығына арналған материалдар негізінде оқушыларды патриоттыққа тәрбиелеу.....	8
3 Қазақстан Республикасының патриоты – азаматының қасиеттері бар тұлғаны қалыптастыру және дамыту бойынша әдістемелік ұсыныстар.....	11
Қорытынды .....	14
Әдебиет .....	15



## Введение

Государство, верно определив будущую конструкцию консолидации общества и возможности эффективного управления этнокультурными и социально-политическими процессами, определило 2015 год годом празднования 550-летия образования Казахского ханства. На встрече с активом столицы Президент Республики Казахстан Н.А. Назарбаев сказал: «Керей и Жанибек в 1465 году создали первое ханство, и государственность казахов ведет историю с тех времен. Возможно, оно не было государством в современном понимании этого термина, в нынешних границах, с такой известностью и авторитетом во всем мире. Но это можно сказать и про все другие государства той эпохи» [1].

Этот факт является проявлением национальной идеологии, которая развивалась по схеме: идея «Мәңгілік ел», интервью Президента страны на Ұлытау, утверждение даты «Қазақ мемлекеттігінің 550 жылдығы».

Глава государства Н.А. Назарбаев в своем выступлении на торжественном собрании, посвященном Дню Независимости Республики Казахстан «Независимость Республики Казахстан – Великая история Мәңгілік Ел» 15 декабря 2014 года, особо подчеркнул, что в 2015 году мы вместе со странами СНГ и всем миром будем праздновать 70-летие Победы над фашизмом в Великой Отечественной войне.

«Мы – народ, во все времена относившийся к своему прошлому с благодарностью и прощением...

Наше восприятие исторического прошлого всегда должно быть цельным и позитивным. Оно должно объединять всех казахстанцев, а не разделять их», – сказал Президент [2].

Эти великие исторические события играют важнейшую роль в работе организации образования по формированию и развитию личности, обладающей качествами гражданина – патриота Республики Казахстан.

Понятие «*патриотизм*» греческого происхождения – «*patris*», означающее «отечество». В философском словаре «патриотизм» понимается как «нравственный и политический принцип, социальное чувство, содержанием которого является любовь к Отечеству, преданность ему, гордость за его прошлое и настоящее, стремление защищать интересы родины» [3]. Анализ данного понятия свидетельствует, что в целом «патриотизм» в научной литературе характеризуется глубокими чувствами любви к родной земле, языку, традициям, к своему народу, родному краю. Как отмечают исследователи, патриотизм постепенно утрачивает свой «оборонительный» характер, все четче проявляется тенденция творческого развития своего рядом с чужим.

